Әкімнің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 1 "Жангелдин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 наурызда № 5424 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, Жангелдин аудандық аумақтық сайлау комиссияның келісімі бойынша **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Жангелдин ауданы әкімінің 2014 жылғы 3 ақпандағы №1 "Жангелдин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4473 болып тіркелген, 2014 жылғы 26 наурызда "Біздің Торғай" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында Н.Г. Иванов көшесінің атауы Жақан Қосабаев көшесіне өзгертілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Кенжегарин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК